

Анықтама

Ұлттық киім күні

Ә.Жангелдин орта мектебінде мектеп парламентімен бірлескен жұмыс жоспарына сай 2024 жылдың 19 қаңтар күні қазақтың ұлттық киімін дәріптеу мақсатында «Этно Жұма» ұлттық киім күні өткізілді.

Мақсаты: ұлттық құндылықты насихаттау, қазақтың салт-дәстүріндегі ұлттық өнегені оқушылар бойына дарыту, елге, жерге, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілік сезімін оятып, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Осы күні оқушылар мен мұғалімдер үстеріне ұлттық стильдегі әр түрлі әрлендірген камзолдар, шапандар, сырма кеудешелер, ұзын кәжекейлер, ұлттық бас киімдер, ұлттық ою-өрнекті білезіктер мен сырғалар тағып, жас ұрпақтың ұлттық әшекейлерге қызығушылығы артып, өз тарихымыз бен әлі күнге дейін әлемдік деңгейдегі киім тігу шеберлеріне шабыт беретін керемет нәрселер жасаған бабаларымызға құрмет көрсетуге шақырды. Шара барысында оқушылар мен мұғалімдерге қазақ халқының салт-дәстүрлерінен сұрақтар қойылып жауаптарын алдық және ұлттық аспаптардың суреті ұсынылған пазлдарды оқушылар құлшыныспен құрастыра білді, сол пазлдардан құрастырған аспап жөнінде шағын мағұлматтар айтты. Қазақтың ұлттық тағамдары кәже мен бауырсақ ұсынылды.

Өткізілген шараның сілтемесі:

<https://www.facebook.com/share/v/zuuCRyXDZKNbtWWD/?mibextid=oFDknk>



Анықтама

Қазақтың тарихи кинолары мен әндері

«Баланы жастан» демекші, халқымыздың салтында бар құндылық- ол балаларды жастайынан мейірімділік пен ізгілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Ертеден ұлтымыз бала тәрбиесіне қатты көңіл бөлген, ал қазір инновация дамыған заманда балаларды ынталандырып, дамуларына бірден-бір септігін тигізуші күш ол-әлеуметтік желілер. Білім алушыларға мағынасы бар киноларды көрсету жақсы жаққа өзгеруіне көп септігін тигізеді.

Осыған байланысты 26 қаңтар күні мектеп парламентінің бастауымен Ә.Жангелдин орта мектебінде «Этно Жұма» қазақ кинолары мен әндері арқылы өз жалғасын тапты.

Мақсаты: оқушыларды тарихи киноларды көруге баулу және қазақ халқының бай ән мұрасын насихаттау.

Шара барысында «Қыз Жібек», «Менің атым Қожа», «Балуан Шолақ», «Көксерек», «Оян, қазақ» секілді киноларынан үзіндісін көру арқылы кино мен қазақ әуендерінің атауларын тауып, алған әсерлерімен бөлісті.

Өткізілген шараның сілтемесі:

<https://www.facebook.com/share/v/YTxBSrq9dvQ9vbhW/?mibextid=oFDknk>



Анықтама

Мектеп парламентінің жұмыс жоспарына сәйкес «Дебат қозғалысы» фракциясы көшбасшысы Кусайнова Мадина мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Д. Жамбырованың ұйымдастыруымен «Құқықтық сана-қауымға пана» атты құқық апталығында «Адам өмірінде әлеуметтік желі маңызды ма?» тақырыбында пікірталас өткізілді.


Мақсаты: оқушыларға әлеуметтік желінің қолдану кезіндегі адамға жағымды және кері әсерлері жайында түсіндіру. Пікірталасқа қатысушыларға бейнероликтер арқылы тасталды.

Жақтаушы жақ әлеуметтік желінің пайдалы тұстары соның ішінде олар қашықтағы басқа қаладағы, алыс елдегі адамдармен, таныстарымен жедел тілдесуге болатындығын, өзара пікір алмасып қана қоймай, өміріндегі жаңалықтарымен, суреттерімен, қоғамдағы қызу талқыланған тақырып төңірегінде ой бөлісті. Әлеуметтік желі арқылы арқылы танысып, осы құралды пайдаланып, жұмыс іздеу, табу да жеңілдегенін, жұмыс орнына өтініш беріп, үй кезегіне тұру секілді жанға жайлы жағымды тұстарын айтты. Ал даттаушы жақ кей адамдардың виртуалды өмірдегі таныстыққа беріліп кеткендігі соншалықты, отбасы мүшелерімен, әріптестерімен, достарымен аз тілдесіп, оларды тіпті байқамай қалуы, кейбір жастардың көп желіде өткен соң жұмысы, оқуы кейінге қалып ақсай бастайтындығы секілді жағымсыз тұстарымен ой бөлісті.

Пікірталас қатысушылары қазіргі кездегі әлеуметтік желінің пайдалы және қауіпті тұстарын өздерінің арасында да, көрермендермен де талқылап, өз ойларын ортаға сала білді.

Өткізілген шараның сілтемесі:

<https://www.facebook.com/share/v/TFoXparPWgBqEBih/?mibextid=oFDknk>



Анықтама

Ә.Жангелдин орта мектебінде әр жұма күні бастау алатын "Этно Жұмада" өзі-өзі басқару ұйымының мүшелері оқуға құштар жоба аясына сәйкес бүгін ақпан айының 9-шы жұлдызы қазақ поэзиясына ерекше серпін әкелген ақиық ақын М.Мақатаевтың туған күніне орай ақынның шығармашылығына арнады. Осы орайда ақынның қаламынан туған шығармалары, өмірбаяны туралы оқушылардан қысқаша мәлімет алынды.

Қазақ елі ардақты ақынын ешқашан ұмытпайды. Әрдайым жырларын насихаттап, келер ұрпақ алдында ұлықтап келеді.

Өткізілген шараның сілтемесі:

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0myhidHwYaiHLnijU7WBpb7bghMFch968PzsjscftvUQMPNxn95ezYNE6X8ZufEPsl&id=100025074319559&mibextid=Nif5oz

Анықтама

Ә.Жангелдин орта мектебінің өзін-өзі басқару ұйымының белсенді жастары жұма күніне орай ұйымдастырылатын "Этно Жұмада" мектеп ұстаздары мен оқушылары үшін "Бір мақал, бір бауырсақ" айдарын өткізді. Халық даналығының қазына байлығы болып табылатын мақалдың жалғасын тапқан ұстаздар мен оқушыларға қазақтың ұлттық тағамы бауырсақ ұсынылды.

Өткізілген шараның сілтемесі:

<https://www.facebook.com/share/v/qmTgCwnHUNBYbk3F/?mibextid=oFDknk>




Анықтама

Ә.Жангелдин орта мектебінде біртұтас тәрбие мектепшілік жоспарына сәйкес «Досболlike» достық қолын ұсын акциясы ашылу салтанаты өтті. «Досболlike» жобасы балалардың әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамытып қана қоймай, білім беру ортасында сапалы өзара қарым-қатынас үшін берік негіз қалайды. Сыныптарда сындарлы әрекет ету дағдыларын және қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру табысты білім алудың негізгі қадамы болатынына сенімдіміз.

«Досболlike» акциясы 2024 жылдың 17 қаңтарынан 17 ақпанына дейін өз жалғасын тапты. Акцияға барлық орта білім беру ұйымдарының 1-11 сынып оқушылары қатысты. Осы акцияға оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар белсенді түрде қатысты.

Өткізілген шараның сілтемесі:


<https://www.facebook.com/share/v/9L77cK1sR6FYYNJt/?mibextid=oFDknk>



Анықтама

Бүгін 14 ақпан 2024 жылы мектебімізде «Мектеп Парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Досболіке достық қолын ұсын» акциясы ұйымдастырылды. Мақсаты мектеп ортасында жағымды қарым-қатынастарды қалыптастыруға жағдай жасау. Парламент мүшелері мектептегі ұстаздарына тақырып барысында мағыналы сөздерін, тәтті сыйларын тарту ету арқылы ұстаздарының достық туралы пікірлерін тыңдап мәз болысты.

Достық-адамдардың бір-біріне адал, қалтқысыз сеніп, бір мүдделі, ортақ көзқараста болатын қасиеті. Достық өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі.



Анықтама

◆◆◆◆◆ҰЛТТЫҚ ОЙЫН- ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ◆◆◆◆◆

"Біртұтас тәрбие бағдарламасы" ұлттық мүдде құндылығын дарыту мақсатында әр жұма күні бастау алатын "Этно Жұмада" мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымы және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 5-9 сыныптар арасында "Ұлттық ойын-ұлт қазынасы" ұлттық ойындар сайысы өткізілді.

Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындары асық ату, арқан тартыс, ләңгі ойындары арқылы балаларға қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпын, туған елге, жерге, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.

Ұлттық ойындарға белсене қатысқан сыныптар мен оқушыларға мектеп парламенті атынан мадақтамалар табысталды.

Өткізілген шараның сілтемесі:

<https://www.facebook.com/share/v/2NjigdWp9R7Bekx5/?mibextid=oFDknk>

«ҰЛТТЫҚ ОЙЫН- ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ» атты мектепшілік шарадан көріністер



Анықтама

Алғыс айту күніне арналған мектептер мен колледждер парламентінің мүшелері арасында "Алтын жүрек" атты ұйымдастырылған республикалық челленджін Ә.Жангелдин атындағы орта мектебінің өзін-өзі басқару ұйымы қолдайды.

Алғыс айту күні - ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының салтанатты күні. Бұл күн мейірімділіктің, достық пен махаббаттың жарқын мерекесі болғандықтан

өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері мектеп басшысы мен мұғалімдерге, медбикеге, мектеп қызметкерлеріне алғыстарын білдіріп, көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Өткізілген шараның сілтемесі:

<https://www.facebook.com/share/v/NNHa3mDLDjbXRT3s/?mibextid=oFDknk>

